

2010
№6(130)

ISSN 1563-0223
Индекс 75878; 25878

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

ФИЛОЛОГИЯ
СЕРИЯСЫ

СЕРИЯ
ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

АЛМАТЫ

№6 (130)

2010



С. К. Сәтенова

ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕР ЖӘНЕ БЕЙНЕЛІК-АЯЛЫҚ НЕГІЗ

Фразеологизмдердің басым көпшілігі адамның дүниедегі құбылыстарды немесе сол құбылыстарға өзінің қатынасын бейнелі түрде сипаттап жеткізудегі талпынысынан туындайды. Халықтың күнделікті тіршілігінде әр түрлі құбылыстарды өзара салыстыра, бір заттың көзге түсер ерекшелігін екінші заттың ұқсас белгісіне балап, бір-біріне теңей сөйлеу тәжірибесінен, ойды тыңдаушыға әсерлі етіп жеткізу мақсатынан тіл-тілде алуан түрлі бейнелі сөз орамдары қалыптасқан.

Бейнелі тілдік орамдардың тілде қалыптасып, тұрақтану тетіктері мен ішкі мазмұнын анықтауда, ең алдымен, тұрақты тіркестердің уәждеуші және бейнелік-аялық негіздерін саралау мәселесі тұрады.

Фразеологизмнің материалдық негізін құрайтын еркін тіркестердің мағынасы халық өміріндегі объективті шындықты, оны қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстар, түрлі жағдаяттар бейнесін қамтиды. Фразеологизм “тамыры” сонау ерте заманғы ел тарихынан басталып, даму барысындағы халықтың дүниетанымын, наным-сенімі мен дүние жайлы түсінігін тілдік қабатта сақтап, бейнелі түрде ұрпақтан-ұрпаққа жеткізеді.

Әртипес тілдердің фразеологиясын салғастыру барысындағы басты мәселелердің бірі осы тілдердің фразеологиялық жүйесіндегі ұқсастықтар мен ерекшеліктерді анықтау болып табылады. Ал бұл, өз кезегінде, фразеологиялық мағынаның негізіне қаланатын тілдік бейнелердің жиынтығын, тірек мүше компоненттерін, еркін және ауыс мағынадағы тіркестер мен осылардың барлығының басын құрап, фразеологизм жасайтын ассоциативтік қатынасқа құрылған адамның ойлау әрекетін, тіптен, тұтастай ұлт менталитетін салғастыруды қажет етеді.

Алайда осындай ауқымы кең, сан-салалы мәселелердің барлығын бірдей қарастыру, қамту мүмкін емес. Сондықтан да, фразеологизмдердің логика-ассоциативтік ойлау механизмдері мен күрделі семантикалық процестерден бастау алатын фразеологизмдердің уәжділігі (мотивированность), уәждеме, фразеологизмнің ішкі формасы, бейнелік-аялық негіз секілді ұғым, пайымдауларға тоқталмақпыз.

Тіл білімінде фразеологизмдер мәселесіне байланысты эволюциялық және эволюциялық емес тәрізді екі түрлі көзқарас қалыптасқан. Эво-

люциялық емес бағыт жөнінде пайымдаулар алғаш рет орыс лингвистері И.С. Торопцев пен Ю.Л. Бурмистрович еңбектерінде айтылды. Мұнда фразеологизмдердің ұғымы жеке адамның ономашиологиялық бағыттағы, яғни, дүние құбылыстарын атау мақсатындағы психологиялық-тілдік іс-әрекетімен байланыстырылды. Фразеологизмдердің пайда болуын олардың жасалуы тарапынан гөрі, бір адам арқылы жасалып, дайын күйде тілге енуі жағынан қарастырады да, тілдің фразеологиялық қорына еркін тіркестің кез-келген окказионалды (метафоралық) қолданысын жатқызды.

Фразеологизмдердің бірден жасала қоймағаны, уақыт озған сайын біртіндеп қалыптасқаны, еркін тіркестердің негізінде жасалғаны өз-өзінен түсінікті. Олардың сол дәуірдегі нақты өмір шындығына, халықтың ерте кездегі ұғымына, ой-санасына сай келуі де сөзсіз. Қоғамдық факторларға, тілдің ішкі заңдарына байланысты белгілі бір сөз тіркесінің негізгі, номинативті мағынасы мен туынды, коннотативті мағынасы ауыс-түйіс өзгеріп отырған. Сондықтан да фразеологизмдер теориясын түсіндірудегі А.В. Кунин ұсынған эволюциялық бағыт кең қолдау тауып отыр.

Бұл бағыт бойынша, тұрақты тіркес ешқашан да “материалдық” құрамы түзіліп, қолданыла бастауының алғашқы сәтінде бірден пайда болмай, уақыт өте келе қалыптасады [1,8]. Тұрақты тіркестің қалыптасуы барысында алдымен еркін тіркес түзіліп, одан кейін тұрақтануы мүмкін окказионалды немесе потенциалды фразеологизм қалыптасты.

Осы орайда, Н.Д. Петрова окказионалды фразеологизмдердің пайда болуын фразеологизмдер процесінің басталуы деп пайымдайды. Бұл негізсіз емес, себебі өзіне тән ерекше белгілерден басқа, аталмыш фразеологизмдер тұлға ықшамдылығы, тұтастығы, бейнелілігі секілді фразеологизмдердің категориалды қасиеттеріне де ие болуға тиіс. Алайда тұрақтануға қажет тілдік жағдайлар жасалмаса, потенциалды фразеологизмдер уақыт өте келе тұрақты тіркеске айналмауы да мүмкін.

Тілдік орамның тұрақты тіркес болып қалыптасуы үшін, окказионалды немесе потенциалды фразеологизмдер, бір жағынан, окказионалды фразеологизмге тән (бір реттік қызмет, қайта жасала алу, мағынасының контекске

тәуелділігі, жеке адам арқылы жасалу т.б) қасиеттерден арылып, екіншіден, бойына фразеологизмдерге тән белгілерді жинақтап, сақтайтындай жағдай тууы қажет.

Фразеологизмдер, біріншіден, қандай да бір құбылысты атаудағы (номинация тарапынан) олқылықтың орнын толтыру, екіншіден, тілдің коннотативтік қорын байыту мақсатында жасалады. Фразеологиялық орамдар тек ономазиологиялық қызмет атқарып қана қоймай, сонымен бірге, экспрессивті-коммуникативті рөл де атқарады. Мысалы, ағылшын тілінде *at a snail's pace* (с.с.а.: ұлудың адымындай) фразеологизмінің “өте баяу” деген коннотативтік семантикасы лексикалық единица беретін мағынаға қарағанда анағұрлым көркем, әсерлі.

Лексика мен фразеологияның бір-бірін өзара толықтырып отыруы негізінде лингвистикада “толықтыру, толықтырушылық, үстемелеу қағидасы” (“принцип дополнительности”) дейтін ұғым қалыптасты. Бұл мәселе жөнінде белгілі ғалым А.Д. Райхштейннің: “... в целом система словесных комплексов функционирует в языке как дополнительное средство, выражающее преимущественно те значения и выполняющее те функции, с которыми “не справляются основные средства номинации – лексические и структурно-синтаксические” деген ой-тұжырымдарымен толық келісуге болады [2,33].

Сонымен фразеологизмнің жасалу тетіктері болып табылатын еркін сөз тіркестері фразеологизмдердің, яғни мағыналық тұрғыдан жаңа тілдік единицалардың туындауына арқау болатын тілдік прототиптер ролін атқарады. Бұл тілдік прототиптердің, яғни фразеологизмдердің жасалу көздерінің мағыналары, ішкі мазмұны осы мәселеге қатысты кейбір ғылыми зерттеулерде “фразеологизмдердің уәждеу негізі (мотивирующая база)” немесе “фразеологизмнің уәждемесі (мотивировка фразеологизма)” деп көрсетіледі. Бұл мағына фразеологиялық бірлікте материалданып, бекітіліп, оның ішкі формасының негізін құрайды.

Бірқатар тіл мамандары фразеологизмнің ішкі формасын уәждеуші ономазиологиялық белгі (мотивирующий ономазиологический признак) деп те атайды, себебі фразеологизмнің ішкі формасын ашуда біз әрдайым ассоциативті салыстыру негізінде айрықша қасиет, белгі ретінде таңдалып алынып, жаңа ұғымның негізіне қаланатын сипатқа сүйенеміз.

Уәждемені фразеологизмнің ішкі формасынан бөліп алып қарастыру мүмкін емес. Ішкі форма – ұғым негізіне жинақталған бейне

немесе фразеологизмнің этимологиялық мазмұны. Жалпы, уәждеме форма мен таңба арасын жымдастыратын байланыс қызметін атқарады. Ғалым И.С. Торопцев уәжденудің үш түрлі тәсілін ұсынады:

- а) ұқсату арқылы уәждеу;
- ә) белгі-қасиеті арқылы уәждеу;
- б) мазмұны арқылы уәждеу.

Фразеологизмдердің жасалуының ең бір өнімді тәсілі – мағынаның ассоциативті-бейнелік (метафоралық, метонимиялық) жолмен тасымалдануы, ал олардың фразеологиялық мағынасы ішкі формасындағы бейне арқылы уәжделеді. А.А. Потемняның үш элементтен тұратын формалды логикалық категория ретінде салыстыруға негізделген әйгілі анықтамасына сүйенетін болсақ, фразеологизмдердің жасалуындағы:

а) сипаттауды қажет ететін ұғым – тіркестің толық мағынасы;

ә) сипаттаушы ұғым – оның ішкі формасы;

б) осы екі ұғымның арасында “көпір” қызметін атқаратын байланыстырушы элемент, логика-психикалық тұрғыдан – ассоциативтік қатынастар, ал таза тілдік тұрғыдан келсек, үшінші элемент – уәж, уәждеме болып табылады. Фразажасамдағы “уәждеу” ұғымына түсінік беруде бірқатар қиыншылықтарға кезігеміз. Бұл ішкі форма мен уәжденудің семантикалық қызметінің, демек бұлардың фразеологиялық мағына түзуіндегі алатын орнының жүйеленбеуіне, уәждеу түрлерінің арасындағы шекараның күңгірттігіне байланысты.

Сондай-ақ фразеологиялық номинация теориясында ішкі бейне, символдық бейне, бейнелік-аялық негіз, уәждеме, уәждеуші бейне ұғымдарын көптеген ғалымдар зерттеу объектілеріне байланысты әртүрлі жағдайларда қолданғанымен, көбіне ұқсас мазмұнға ие болып жүр.

Фразеологизмнің ішкі формасын аталып отырған құбылыстың сипаты немесе атауға негіз болып отырған құбылыстың айрықша белгілерінің көрінісі ретінде қарастыру, сонау В. Гумбольдтың тілдік тұжырымдарында да кездеседі. Бүгінгі таңда бұл ұғымды зерделеуде көбіне фразажасамның тілден тыс жатқан негіздеріне, яғни уәждеуші белгілер (мотивирующий признак) ретінде көрініс беретін денотаттың ерекше белгілерін зерттеуге көбірек назар аударылуда. Фразеологизмдердің ішкі мәнін саралаудағы мұндай ағым тұрақты тіркеспен еркін сөз тіркесінің арасындағы немесе компоненттер мағынасы арасындағы байланысты қарастырумен шектеп қоймай, фра-

эолологиялык орам жасалуындагы тилдің өз ішіндегі (интралингвистік) себептермен бірге, тилден тыс жатқан (экстралингвистік) негіздердің де ролін анықтауға жол ашады, фразеологизмнің мағыналық уәжденуі теориясын калыптастыруға негіз болады.

Уәждеме ұғымын негізінен фразеологизмнің ішкі формасы айқын көрініп тұрғанда пайдалану тиімді. Ал мағынасы күңгірт тұрақты тіркестерді, мысалы: ағылшын тіліндегі *a flying pig, crocodile tears, go round like a horse in a mill, cow with the iron tail* секілді қолданыстардың сырын, жасалу төркінін тилдің ішкі заңдылықтарынан гөрі экстралингвистикалық факторлардан, қала берді, этимологиядан іздеу қажет. Сондықтан, қазақ және ағылшын халықтарының әлемнің

көрінісін, дүние құбылыстарын тұрақты тіркестер арқылы бейнелеудегі стереотиптік ойлауынан, бейнелі қабылдауынан туатын ұқсастықтар мен ұлттық-мәдени ерекшеліктерді саралауда академик Ә.Т. Қайдардың, белгілі башқұрт фразеологы З. Ураксиннің, ғалым Н. Уәлиевтің ізімен ауқымы кең ұғым ретінде бейнелік-аялық негіз (образно-фондовая основа) ғылыми атауын қолдануды дұрыс деп танымыз.

1. Кунин А.В. Пути образования ФЕ //Ин.яз. в шк. М. – №1. – 1971. – С.8.

2. Райхштейн А.Д. Сопоставительный анализ немецкой и русской фразеологии. – М., 1980.

В статье рассматривается проблема мотивированности устойчивых сочетаний и анализа образно-фондовой основы.

М. С. Сеидов

СИНКРЕТИЧЕСКИЙ КОРЕНЬ АĞ

Наблюдая историю развития нашего языка, в его словарном составе очень часто встречаем следы синкретических корней слов. Так что, иногда корни этих самих слов, наблюдаем между разными ярусами нашего языка. Встречаем эти синкретические корни слов иногда между словами, а иногда между изложениями и фразами. Сегодня, разбирая словарный состав нашего языка и сравнивая эти разбирательства с родственными - ми тюркскими языками, а также с некоторыми древними и средневековыми тюркскими письменными источниками, выясняется, что десятки и сотни слов, находящиеся сегодня в словарном составе нашего языка, берут свое начало от одного синкретического корня слова. Можем обосновать наши мысли на основе исследований в области семантики синкретического корня *ağ*.

Следы синкретического корня *ağ* в таких оттеночных значениях, взойти, повышаться, возвышаться, подниматься, взвиться, перевалить, вышина, большой можно встретить во многих древних и средневековых тюркских письменных памятниках, во многих примерах азербайджанской классической литературы, в нескольких диалектах и говорах (акцентах), а также в словарном составе родственных тюркских языков.

Первые следы отмеченных оттенков значений, относящихся к седьмому веку, встречаем в памятниках Орхон – Енисей. Обратим внимание на примеры: *Ağ* - подниматься, возвышаться - *alana kodı yarıpan karağın kışılata ebin, barkın anta buzdım...yuşqa ağdı.* - (10; 206, 266), (9; 195, 201). - *Выводив армию по течению реки Селене, захватил сторожей, разгромил там сооружения...поднялся на лесную гору...*(10; 261,266); *Yarğın kiyik tap, yaulıq tağıta ağınan yaulayur turur tap tanılıq tap,-tir.* - (10; 288, 294). - *Говорят: Я – хищный... Летом поднимаясь на мою гору (там) провожу лето, я рад.*(10; 288,294); *Ağır Aşu baş altım eb eşiğ...am idiş aci...* - (9; 336, 337). - *Поднимаясь, я перевалил через верхушку горы. Своих товарищей по дому.....Сейчас, открывая посуду(9; 336, 337); Әғ ora baş açışib ağı iqib inçip giçip(?) sktiqç(?)* (9; 336, 337). - *Окраина (на тупике, расположенный на окраине), равнина (каменный холм, каменный холм для жертво-приношения).- Помогая друг-другу на пути, прошедшей через вершину горы и взойдя, таким образом обхаживая (ходя вокруг)....; (9; 336, 337); ağış - вставание, повышение, возвышение, поднятие, вставание - Ağiltım na yazı iç ağıziğ aşa...ağış ed... ..(9; 336, 337); - Я дошел; - вот вчерашний день. Переваливая через внутреннюю долину (по*